

## Алматы қаласында "Қалқаман" ықшамауданының көшелеріне атау беру туралы

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XI сессиясының 2008 жылғы 2 шілдедегі N 114 бірлескен шешімі және Алматы қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 14 шілдедегі N 3/551 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2008 жылғы 15 тамызда N 788 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес қалалық ономастика комиссиясы ұсынысының негізінде бірлесе отырып, Алматы қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

### 1. "Қалқаман" ықшамауданының көшелеріне мынадай атаулар берілсін:

1.	Әнуарбек Молдабеков	бірінші көшеге, ұзындығы 800 м.
2.	Төлеген Айбергенов	екінші көшеге, ұзындығы 950 м.
3.	Ыбырай Жақаев	үшінші көшеге, ұзындығы 780 м.
4.	Нартай Бекежанов	төртінші көшеге, ұзындығы 1200 м.
5.	Саурық батыр	бесінші көшеге, ұзындығы 1200 м.
6.	Сыпатай батыр	алтыншы көшеге, ұзындығы 1200 м.

2. Алматы қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы көшелердің есім көрсеткіштерін, үйлердің рет сандарын жасап және орнатуға Алматы қаласының жергілікті бюджетінде қажетті қаражат қарастырысын.

3. Әуезов ауданының әкімі Ә.Несіпбаевқа, Алматы қаласының жылжымайтын мулік жөніндегі орталығы және "Алматықалабезендіру" ААҚ (келісім бойынша) көшелердің жаңа есім көрсеткіштерін және үйлердің рет сандарын жасап орнатсын.

4. Әуезов ауданының әкімі Ә.Несіпбаевқа осы нормативті құқықтық актінің тиісті мемелерге жеткізсін.

5. Осы нормативті құқықтық актінің орындалуын бақылау IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік мәселелер және қоғамдық келісім жөніндегі тұрақты комиссияға (Е.Тәжиев) және Алматы қалалық тілдерді дамыту басқармасына жүктелсін.

6. Осы нормативті құқықтық акті алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласы өкімі*

*A. Есімов*

*IV саýланған Алматы қаласы  
мәслихаты XI сессиясының  
төрағасы*

*IV саýланған Алматы қаласы  
мәслихатының хатшысы*

*T. Мұқашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК